

№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	«Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы» Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы	Есеп беру	Директор Әдіскер
2	Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)	Нормативтік құжаттар	Әдіскер Медбике
3	«Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»	Жылдық жоспар перспективалық жоспарлар, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі	Директор Әдіскер
4	Әртүрлі мәселелер. 1) Балабақша ішлік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту 2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат 3) Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді марапаттау	Шығармашылық топ туралы ереже Қорытынды анықтама	Директор Әдіскер

Хаттама №1

ИП «Айша» жекеменшік балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.

23.08.2024ж.

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқаны: 7

Дәлелді:1

Күн тәртібінде

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»

Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы

2.Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат; стандарт пен бағдарлама)

3.«Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»

1) 2024-2025 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.

2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібін бекіту.

3) Вариативтік компонент бойынша пәндерді тандау, мазмұнымен таныстыру және бекіту.

Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.

Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

Өртүрлі мәселелер.

1) Балабақшаішілік шығармашылық топ құру, құрамын бекіту.

2) Педагог портфолиосы туралы ақпарат.

Педагогикалық кеңестің төрайымы – Сара Шамшадинова

Тыңдалды: Балбақшамыздың директоры С.Шамшадинова балабақшамыз өткен 2023-2024 оқу жылында алдына қойған міндеттерін толықтай орындалғанын айтып өтті. Оқу жылында кеткен кемшіліктерге, білім сапасының мониторингісіне тоқталып өтті. Жаңа оқу жылында жақсы жетістіктерге жетуіне тілек білдірді. Биылғы оқу жылына жаңадан келген тәрбиешілер: Сапарова Гүлшатты ұжыммен таныстырып, жұмысына сәттілік тіледі. Педагогикалық қызметкерлердің сандық және сапалық құрамымен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша, Әдіскер жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылады (сауықтыру жұмысының сараптамасы). Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Үміт Базарбаева – «Құлыншақ» мектепалды тобының тәрбиешісі сөйледі - Жаз бойы балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, сумен шынықтыру шаралары ұйымдастырылды. Пайдалы тамақтану рационы жемістер мен көкөністер бала ағзасын шынықтыру, күн сәулесі, балалар туризмі жаяу, велосипедпен, табиғатта серуендеу секілді түрлі мерекелік шаралар, ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ақжигитова Улмекен жаңа 2024-2025 оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылының жылдық міндеттерімен және жоспарымен таныстырды. Жаңа оқу жылының жылдық мақсаттары мен міндеттері, жоспары педагогикалық кеңесте талқыланды және бекітілді.

2024-2025 жаңа оқу жылының перспективалық жоспарымен ұйымдастырылған іс – әрекетінің кестесімен және әдістемелік нұсқаулықпен таныстырылды.

2024-2025 оқу жылындағы балабақшаның жылдық жұмыс жоспарының тақырыбы: Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік физикалық шығармашылық қабілеттерін дамытып ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, асық ойын технологиялары арқылы қабілеттерін ұштау, білімдерін дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау, қауіпсіз дамытушы орта құру.

- Асық ойын технологиясын қолдана отырып балалардың ұсақ қол моторикасын, тілін, танымын дамытып, баланың мінез – құлқын, өзін – өзі көрсетуін қалыптастыру.
- Сөз алды: Сапарова Гүлшат «Балауса» ортаңғы топ тәрбиешісі сөйледі
- 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-оқыту үрдісінде негізгі бағытымыз ата-аналар мен педагогтердің ынтымақтастығын дамытып, тығыз қарым қатынас орнату. Жаңа инновациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Асық технологияларын қолдану арқылы балалардың зияткерлігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек екенін айтты.
- Биылға жаңа оқу жылында «Балауса» топқа балалар қабылдадым балалардың бөбекжайға бейімделуі орташа жағдайда өтуде. Осы бағытта ата аналармен де бірігіп жұмыс жасап отырмыз. Ата аналармен, бөбекжай қызметкерлерімен бірлесе балалардың балабақша тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалуда.
 - Сөз алды: Балабақшаның әдіскері У.Ақжигитова педагогтерді жаңа аттестаттау ережесімен және аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімімен таныстырды. Тәрбиеші Тулепбергенова Жұлдызай- педагог-модератор.

Аттестаттау комиссиясын құру және жұмыс жоспарларымен таныстыру бойынша балабақша директоры С.Шампадинова айтып өтті.

-2023-2024 оқу жылы бойынша аттестациядан өтетін барлық пән мұғалімдері мен тәрбиешілер №192 бұйрықта көрсетілгендей әр біліктілік санатына тапсыру үшін төмендегідей талаптарға сай болуы қажет. "Педагог-модератор" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар, "педагог-сарапшы" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар: "педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларына ие, білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтайды, аудандық/қалалық деңгейде тәжірибе жинақтайды, аудандық/қалалық деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға жарыстарға қатысушылары бар; 3) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына: тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де

кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен, кемінде төрт жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар, міне сондықтан тестке бармас бұрын жоғарыдағы талаптарға сәйкес келе ме, соны анықтап, түрлі байқауларға қатысып, тәрбиеленуші жетістігімен қоса, баспасөз беттерінде мақала жариялады, авторлық шығармаларды шығаруға жұмыстанайық.

Әріптестер барлығыңызға жаңа оқу жылына шығармашылық жетістіктер тілей отыра, алдағы аттестацияға өтініш білдіргендерге сәттілік тілеймін.

2024-2025 жылы аттестаттаудан өтетін педагогтер тізімі

№	Педагогтің аты - жөні	Лауазымы	Пәні	Санаты	Өтініш берген санаты
1	Тулепбергенова Жұлдызай	тәрбиеші	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	санатсыз	«педагог-модератор»

Балабақшаымызда жұмыс жасап жүрген жас мамандарға тәлімгер бекітілді.

Жас мамандарға тәлімгер

№	Жас маман	лауазымы	еңбек өтілі	санаты	тәлімгер	лауазымы	санаты	еңбек өтілі
1	Кебен Гүлжайна	тәрбиеші	2 жыл 8 ай	Педагог-тәлімгер маманы	Ақманбетова Ақбегек	тәрбиеші	Педагог - модератор	7 жыл

Шығармашылық топ.

№	Педагог аты-жөні	лауазымы
1	Ақпанбетова Ақбегек	Тәрбиеші
2	Губайдуллина Меруерт	Тәрбиеші
3	Сапарова Гүлшат	Тәрбиеші
4	Тулепбергенова Жұлдызай	Тәрбиеші
5	Базарбаева Үміт	Тәрбиеші

2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

Тренинг:

Педагогтер ортаға шеңберге тұрады.

Жүргізуші: Таңертең үйден шығар алдында айнаға қарап шыққан адам қол көтерсін. Ал, енді айнаға қарап күлімдеген адам қол көтерсін. Көріп тұрғанымыздай күлімдеп шыққан адам аз. Сондықтан әріптестер қазір жүзімізге күлкі ұялатып, бір бірімізге күлімсіреп қарайық.

«Амандасу» жаттығуы Ойын

2. Педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібі, вариативтік компонент бойынша тандалған пән бойынша жоспары жаңа стандарт талаптарына сай жасақталып бекітілсін.

4. Жаңа оқу жылына орай педагогтардың портфолиосы толықтырылып жасақталсын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

ИМЯ:   С. Шамшидинова
У.М. Ақжигитова

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

қараша

Тақырыбы: «Асық ойын технологиясын қолдану»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	№1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің қортындысы	№1 педкеңес шешімі	Әдіскер
2	Кеңес: «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»	Кеңес	Тәрбиеші Ақпанбетова А.
3	Педагогикалық әдеп туралы	Нұсқау –кеңес	Әдіскер
4	Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау	Бақылау	Директор Әдіскер

Хаттама №2

ИП «Айша» жекеменшік балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.

23.11.2024ж.

Қатысуға тиісті: 10

Қатысқаны: 8

Дәлелді: 2

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Асық ойын технологиясын қолдану»

1. №1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің қортындысы
2. Кеңес: «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»
3. Педагогикалық әдеп туралы
4. Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау

Балабақша әдіскері Аюкигитова У.М.

Тыңдалды №1 Педкеңес шешімінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері У.Аюкигитова айтып өтті.Педагогтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен күн тәртібі, вариативтік компонент бойынша таңдалған пән бойынша жоспары жаңа стандарт талаптарына сай жасақталып, Аттестаттау комиссиясының құрамындағы педагогтар өтініш берушілердің портфолиосын қарап жаңа талаптарға сай тексерілді.Жаңа оқу жылына орай педагогтардың портфолиосы толықтырылып жасақталды.

Сұрақ болған жоқ.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ақпанбетова Ақбөбек «Ойын -балаларды тәрбиелеу және дамыту құралы»- атты кеңес өткізді.

Тыңдалды: Бала мен балалар ұжымының дамуында мектеп жасына дейінгі іс-әрекетінің негізгі түрі ойын орасан зор роль атқарады. Ойын балалар үшін айналадығы танып, білу тәсілі. Ойын мен ойын әрекеті мазмұннан әлеуметтік сипаты баланың қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с. болып ойнайды. Ойынның сюжеті, мазмұны – бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді,

ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Тәрбиеші балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы ролін пайдаланып, ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әдеппен ойынның барысын, олардың өзара қарым-қатынасын бағыттап отырады.

Үміт Базарбаева «Құлыншақ» мектепалды тобының тәрбиешісі сөйледі

ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Қазіргі таңда Сорос бағдарламасының технологиясымен жұмыс істеп жатқан кезде, оның аты айтып тұрғандай-ақ оқыту іс әрекеттері ойын орталықтары арқылы өтеді. Мұнда балалар тек ойын орталықтарымен шектеліп қалады деген сөз емес, ертеңгілік жиында, не болмаса оқыту іс әрекетінің соңында ойын түрлерін міндетті түрде қолданылады. Тіпті балалардың қызығушылығына қарай олар оқыту іс әрекетінің кейін де сол орталықта ойынын жалғастыра береді. Күні бойы балалар жабдықталған ойын орталықтарында ойын алаңы ретінде ойнай алады. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.Ақжигитова педагогикалық әдеп туралы айтып өтті.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

қаңтар

Тақырыбы: «Мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.	№2 педкеңес шешімі	Әдіскер
2	Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.	Қорытынды кесте	Әдіскер
3	Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары)	Бақылау анықтамасы	Директор

Хаттама №3

ИП «Айша» жекеменшік балабақшасында өткізілген педагогикалық кеңесінің хаттамасы.
14.01.2025ж.

Қатысуға тиісті: 10

Қатысқаны: 10

Дәлелді:0

Тақырыбы: «Мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту»

- 1.Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.
- 2.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі.
- 3.Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

№2 Педкеңес шешімінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері У.Аюжигитова айтып өтті. «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алды. Өз білімін жетілдіру, баққа мақалалар жариялау басты назарда.

Сұрақ болған жоқ.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша 1 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы 2025 жылдың 5 қаңтарында ҚР оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары бекітіліп келді. Осы жаңа өзгеріс бойынша барлық пән мұғалімдері мен топ тәрбиешілеріне мониторингтегі өзгерістер туралы түсіндіріліп дөңгелек үстел ұйымдастырылды, қаңтар айына барлық жас ерекшелік топтарынан аралық мониторинг алынды.

Сөз алды. «Балапан» тобының тәрбиешісі Көбен Гүлжайна. Жылдың басында балалардың төмен деңгей көрсеткен балалар мен жеке жұмыс жүргізіліп, олардың деңгейі көтерілді.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары)

Балабақша әдіскері У.Ақжигитова күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы бойынша балабақшада тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы өткізілетін іс-шаралар туралы айтып өтті. Ондағы мақсатымыз, балалардың қимыл әрекетін едәуір белсендендіру, ал бұл өз кезегінде балалардың денсаулығының жалпы жағдайының жақсаруына алып келеді, балалардың салауатты өмір сүруге сұранысы мен құндылықтық бағытталуын ынталандыру. Топтарда күннің екінші жартысында балаларды ұйқыдан оятып, шынықтыру шараларынан басталады. Ойын арқылы балаларға оқыту іс әрекеттері жүргізілді. Серуенге шығып қимылды қозғалыс ойындары ойнатылды. Жеке жұмыстарда балалармен жасалып отырды.Бесін, кешкі астары жүйелі түрде беріліп ата- аналарыны уактылы тапсырылып отырды.

Төлепберген Жұлдызай сөз сөйледі.

Дені сау ұрпақ болашақ жарқын жұлдыздарымыз. Күн тәртібі бойынша жүйелі түрде жұмыс жасау әрбір тәрбиешінің міндеті.Өткізілетін барлық іс-шараларға тәрбиеші ретінде өз үлесімді қосамын.

Шешім

- 1.Өткен педкеңес шешімнің орындалуының есебі.
- 2.Балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі қадағалау әдіскер Ақжигитова У. жүктелсін.
- 3.Күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (кіші, ортаңғы, ересек топтары) жүйелі жүргізілуін қадағалау әдіскер Ақжигитова У. жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Шамшадинова С.

У.Ақжигитова

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Тамыз

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы»

Өткізу формасы: Нұсқаушы

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы	№1 педкеңес шешімі	Директор Әдіскер
2	Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.	Баяндама	тәрбиеші
3	Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.	Қорытынды	Әдіскер
4	Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
5	Екінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған іс әрекет бақылау парағы нәтижесінің қорытындысы.	Бақылау анықтамасы	Директор Әдіскер
6	«Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы.	Тренинг	Психолог

«Айша» бөбекжай-балабақшасы

№4 ХАТТАМА

05.06.2025 жыл

№4 педагогикалық кеңес

Төрайымы: Акжигитова У.М

Хатшы: Ақпанбетова А.Ж

Қатысқандар: 10

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау деңгейі.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі. Жеке даму карталарын базаға жүктеу.
6. «Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша директоры Акжигитова У. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Жылдық жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстары толық орындалғанын, мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарының жүйелі жүзеге асырылғанын айтты. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру және ата-аналармен серіктестікті нығайту бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілгені баяндалды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер оқу жылының қорытындысына оң баға беріп, жылдық жоспар аясында белгіленген міндеттердің толық орындалғанын атап өтті. Педагогтердің оқу-тәрбие үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім сапасы мен танымдық белсенділігі артқанын айтты. Сонымен қатар жаңа оқу жылында

педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу жұмыстарын жандандыру және озық педагогикалық тәжірибелерді кеңінен енгізу қажеттігіне тоқталды.

Тәрбиешілер оқу жылы барысында атқарылған жұмыстардың нәтижелерімен бөлісіп, балалардың шығармашылық, танымдық және коммуникативтік дағдыларының дамуына оң өзгерістер байқалғанын айтты. Сондай-ақ ата-аналармен жүргізілген бірлескен жұмыстардың тиімді болғанын және алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіруге дайын екендіктерін білдірді.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру бағытында жүргізілген жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. Жыл бойы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка және театрландырылған ойындар арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігі артқаны айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер шығармашылық орталықтардың тиімді ұйымдастырылғанын және балалардың көрмелер мен мерекелік шараларға белсенді қатысқанын атап өтті.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесіне жан-жақты талдау жасады. Талдау барысында балалардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жақсы көрсеткіш көрсеткені, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларының қалыптасқаны айтылды. Балалардың танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті, тілдік қарым-қатынасы және әлеуметтік дағдыларының дамуында оң нәтижелер байқалғаны атап өтілді. Сонымен қатар қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында қолданылған тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдердің оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруға ықпал еткені баяндалды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер оқу жылы барысында қолданылған тиімді әдіс-тәсілдердің, ойын технологияларының, шығармашылық тапсырмалар мен зерттеу жұмыстарының оң нәтиже бергенін айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар

балалардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығының артқанын, өз ойын еркін жеткізу, тапсырмаларды өз бетінше орындау және бірлесіп жұмыс жасау дағдыларының қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар келесі оқу жылында да тиімді тәжірибелерді жалғастырып, оқу-тәрбие жұмысының сапасын одан әрі арттыруға ұсыныстар білдірді.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Директор Аюкигитова У.М жазғы сауықтыру шараларының жоспарын таныстырып, алдағы жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың мазмұнына тоқталды. Жоспарда балалардың денсаулығын сақтау, шынықтыру шараларын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және таза ауада серуендеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру қарастырылғаны айтылды.

Сонымен қатар жазғы кезеңде балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында табиғат аясындағы танымдық іс-шаралар, спорттық ойындар, шығармашылық жұмыстар, көңілді эстафеталар, ойын-сауық шаралары және мәдени-сауықтыру бағытындағы жұмыстар жоспарланғаны баяндалды. Тәрбиешілердің балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың белсенді демалуына, қауіпсіз орта қалыптастыруына және жағымды көңіл күймен уақыт өткізуіне жағдай жасау қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер жаз мезгілінде балалардың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу керектігін айтты. Серуен кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, сауықтыру шараларын жүйелі өткізу және балалардың денсаулығын бақылау бойынша ұсыныстар берді. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарды қызықты форматта ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Тәрбиешілер жоспарға өз ұсыныстарын енгізіп, жазғы кезеңде өткізілетін іс-шаралардың мазмұнын толықтыру бойынша пікірлерін білдірді. Олар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл белсенділігін арттыру және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру бағытында ұсыныстарын айтты. Жоспарланған жұмыстарды сапалы орындау арқылы балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі қауіпсіз өткізуге мүмкіндік жасалатыны атап өтілді.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуы бойынша мониторинг қорытындысын таныстырды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму

көрсеткіштері талданып, жеке даму карталары уақытылы толтырылғаны және электрондық базаға жүктелгені айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер мониторинг нәтижелерінің балалардың жеке даму ерекшеліктерін анықтауда маңызды болғанын атап өтті.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Педагог-психолог «Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы туралы баяндама жасады. Тренинг барысында мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерінің психологиялық, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дайындығы бағаланғаны айтылды. Балалардың мектепке деген қызығушылығы, жаңа ортаға бейімделу қабілеті, қарым-қатынас дағдылары және тапсырмаларды орындау белсенділігі сараланғаны баяндалды.

Сонымен қатар ата-аналарға балаларды мектепке дайындау, оқу әрекетіне жағымды көзқарас қалыптастыру, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру және баланың өзіне деген сенімділігін арттыру бойынша кеңестер берілгені айтылды. Тренинг нәтижесінде балалардың мектепке бейімделуіне қажетті дағдылары қалыптасып, ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс нығайғаны атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер мектепке даярлық жұмыстарының сапалы жүргізілгенін атап өтіп, балалардың мектепке психологиялық және педагогикалық тұрғыдан дайын болуына бағытталған жұмыстардың маңыздылығын айтты. Сонымен қатар ата-аналармен бірлескен жұмыстарды, кеңестер мен кездесулерді алдағы уақытта да жалғастыру қажеттігін ұсынды.

Тәрбиешілер тренинг барысында жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғанын, балалардың мектепке деген қызығушылығы артып, өздерін еркін ұстау, тапсырмаларды орындау және қарым-қатынас жасау дағдыларының жақсарғанын айтты. Алдағы уақытта да мектепке даярлық бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Шешімі:

1. 2025–2026 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану және білім беру сапасын арттыру жұмыстары келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

4. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері назарға алынып, анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.
5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес сауықтыру, шынықтыру және қауіпсіздік шаралары толық көлемде ұйымдастырылсын.
6. Екінші жарты жылдықтағы мониторинг нәтижелері негізінде тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, жеке даму карталарының электрондық базаға уақытылы және сапалы жүктелуі қамтамасыз етілсін.
7. «Баланың мектепке дайындығы» тренингінің қорытындысы назарға алынып, мектепалды даярлық топтарында мектепке психологиялық және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жалғастырылсын.
8. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, олардың педагогикалық мәдениетін арттыру және балабақша өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жаңа оқу жылында да жүйелі түрде жүргізілсін.
9. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Хатшысы: _____

Қатысқандар: 10 адам

Қатыспағандар: 0 адам

Хаттама №4 жабық деп жарияланды.



[Handwritten signature]